

раскрыть эти «восемь граней, и одной целостной сути» – тюркского идеала совершенного человека на примере казахов, который формировался и «выкристаллизовывался» в течении тысячелетий. В этом идеале заложен весь культурно-исторический опыт этноса, передаваемый из поколения в поколение с древнейших времен до этнографической современности. Безусловно, что идеал личности, имея общечеловеческий характер у каждого народа собственный. У чувашей он выражается в наличии «семи благ» или соблюдении «семи заповедей», у бурят – это «девять доблестей» человека и т.д. В настоящей же статье авторы сконцентрировались именно на одной из таких специфик этнических представлений о совершенной личности, выраженный в казахской культуре через понятие «восьмигранного» человека. Эту «восьмигранность» авторы рассматривают через призму музыкальной и художественно-ремесленной сфер, которая более всех компонентов культуры демонстрирует всю гамму различных аспектов этого феномена. Реконструкция значения/смысла анализируемой идиомы показало, что число «8» – это прежде всего, символ познания/достижения человеком сути тенгрианского духовного учения, сакрального знания. Авторы уверены в том, что полученные материалы помогут расширить и углубить знания преподавателей, исследователей и студентов педагогических вузов, практикующихся на изучении народной педагогики и нематериального культурного наследия. Статья подготовлена в рамках проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан АР09259280 «Языки казахской культуры как основа этнической идентичности: семиотика и семантика».

*Ключевые слова:* народный идеал личности, совершенный человек, тенгрианство, Казахстан, Центральная Азия, искусство, ремесло

*Поступила в редакцию 16.05.2022 .*

FTAMP 14.23.05

DOI 10.51889/31.23.2022.67.86.028

С.М. НУРБЕКОВА, <sup>1</sup>\* А.А. АЛИМБЕКОВА, <sup>1</sup> У.Қ. КЫЯКБАЕВА <sup>1</sup>

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)*  
*zav-salta@mail.ru, aalimbekova@mail.ru, kyakbaeva@mail.ru*

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІНІҢ ЖІКТЕЛУІ

### *Аңдатпа*

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуға қолданылатын ұлттық ойын түрлерінің жіктелуі қарастырылған. Балалардың креативтік әлеуетінің негізін құрайтын танымдық үдерістердің, тұлғалық қасиеттерінің дамуына ұлттық ойындардың тигізетін ықпалына тоқталған және ұлттық ойын түрлеріне талдау жасалған. Ұлттық ойындарды зерттеген ғалымдардың пікірлерін қарастыра отырып, олардың ерекшеліктерін, жүргізілу ережелерін саралаған. Ұлттық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтауын, зейінін, шығармашылық қиялын, креативті ойлауын дамытып, тілін ұстартып, ой-өрісін кеңейтіп, ерекше шешімдер қабылдауға баулиды. Мәселен, «Санамалар» арқылы балаларға сандар үйретіліп, санамалар аталатын заттардың не екенін, оның тұрмыста қандай маңызы бары ұғындырылады, ондағы өлең ұйқастарына қарай оңай жатталатындықтан, музыка ырғағына келтіріп айтылуы арқылы балаға эстетикалық тәрбие де береді. Ұлттық ойындар осындай мүмкіндіктерінің арқасында мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуда ерекше маңызға ие. Мақалада ойындардың шығу тарихына, дамуы мен өзгеруіне, түрленуіне тоқталып, педагогикалық үдерісте жиі қолданылатын ұлттық ойын түрлері мысалға келтірілген.

*Түйін сөздер:* креативтік әлеует, мектеп жасына дейінгі балалар, ұлттық ойын түрлері, ұлттық ойындардың жіктелуі, қимылдық ойындар, әзіл-қалжың, күлдіргі, би ойындары.

**Кіріспе.** Қазіргі жылдам ақпараттар ағынына толы цифрландырылған қоғамда адам баласының дүние танымы мен өмірге көзқарастары, құндылықтары мен мінез-құлқы да өзгеруде. Осыған орай, қазіргі заман педагогикасы креативті, яғни, тапқыр, ұтқыр, жасампаз ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған мәселеге байланысты «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында: «Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз» – деп атап көрсеткен [1].

Уақыттан қалыспай тең адымдау, заман талабына сай әрекет ете отырып, табысты адамға айналу, тың жаңалықтарымен қоғамды дамытуға және адам өмірін жеңілдетуге үлес қосу тек креативтік әлеуеті жоғары тұлғаларға ғана тән. Олай болса бұл мәселенің айрықша өзекті екенін білдіреді.

Соңғы кезде жеке тұлғаның креативтілігін дамытуға қызығушылықтың артуына байланысты жаһандық ауқымда білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде осы мәселе бойынша бағдарламалар жасалып, жүзеге асырылуға талпынуда. Өйткені, креативті тұлғалар мемлекеттің экономикасы мен әлеуметінің, білім беру мен мәдениетінің, ұлттық бірегейлігінің дамуына зор үлес қосады [2, Б.160].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде «Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы» – делінген [3].

«Жас балалардың ойынын зерттеуге және оқытуды педагогикалық қолдауға халықаралық деңгейде көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, мінез-құлықтық қиялдың және оның балалардың бірлескен ойынын

қолдаудағы рөлі назардан тыс қалуда. Мінез-құлықтық қиял балалардың қазіргі көзқарастарын танып білуде маңызды, әрі бірге ойнауда туындайтын мәселелер мен қақтығыстарды шешу үшін қажет» [4].

Олай болса, тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда баланы тұлғалық, танымдық, физиологиялық, мінез-құлықтық жағынан тәрбиелеу, жан-жақты дамыту ісі ойын іс-әрекеттері арқылы жүзеге асуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетінің негізін құрайтын танымдық үдерістердің, тұлғалық қасиеттерінің дамуына ойынның, соның ішінде ұлттық ойындардың тигізетін ықпалы өте зор.

Жалпы қазақ ұлттық ойындарының шығу тарихына үңіліп, оның түрлерін, дамуын, өзгеруін зерттеп, зерделеген шетелдік және отандық ғалымдар аз болмаған.

Қазақ халқының ұлттық ойындарына А.А. Горячкин, Ә.А. Диваев, А.Е. Алекторов, Е.А. Покровский, А.И. Ивановский, Н.И. Гродеков, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П. Пашин, Г.С. Запьяжский, А.Шиле, А.Харунзин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов сияқты ғалымдар көңіл аударған.

Баланың шығармашылық қиял, қабілетін, тілін дамытуда ойынның айрықша маңызы бар екендігін қазақ халқының этнограф-ғалымы Ш.Уәлиханов, ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин, қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев және т.б. атап көрсеткен.

М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, Е.С. Сағындықов, М.Т. Турскельдина, Ә.Бүркітбаев, М.Балғымбаев, Т.Иманбеков, Б.О. Арзанбаева, А.К. Айтпаева, Ұ.Т. Төленова және т.б. ғалымдар қазақтың ұлттық ойындарын сан қырынан қарастырған.

*Мақаланың мақсаты* мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуға қолданылатын ұлттық ойын түрлерінің жіктелуін қарастыру боп табылады.

**Негізгі бөлім.** Ә.А. Диваев ұлттық ойындардың бала тәрбиелеудегі маңызына ерекше мән беріп, балалар ойындарын

алғаш рет жіктеп қарастырған. Ғалым «Игры киргизских детей» деген еңбегінде балалардың жас ерекшеліктерін және ұлттық ойындарды соған сай бөліп қарастырады.

Фольклоршы, этнограф-ғалым Ә.Диваев өзінің «Қырғыз (қазақ) балаларының ойыны» деген еңбегінде ойының бала тәрбиелеудегі маңызын айта келіп, адам жасын үш топқа бөледі. Бір жастан жетіге дейін - нәресте, жеті жастан он бес жасқа дейін – бозбала, ал он бестен отызға дейін – жігіт. Осының негізінде қазақ ойындарын да «сәбилер ойыны», «бозбалалар ойыны» және «жігіттер ойыны» деп жіктейді. Зерттеуші-ғалым балалар ойыны мен ойыншықтарына байланысты «... Бұл жерде менің айтарым, егер қыз баланың қолдан жасайтын қуыршақтары мен ер балалардың балшықтан жасап алатын жылқы мен түйе сияқты жануарлар мүсіні болмаса, қазақта балалар ойыншығы мүлде жоқ. ... Бірақ антропологиялық көзқараспен қарайтын болсақ, олардың осы ұсқынсыз ойыншықтары балалардың өз жасампаздық қиялынан туындаған құнды дүние болып есептеледі. Баланың әртүрлі ойындары мен ойнауы әрі өзі туып, өмір сүрген ортасына байланысты алған әсері мен түсініктері олардың қиялын қозғап, жасампаздық шабытын оятып, алғашқы іс-әрекетке жетектейтін, осы арқылы баланың өзін қоршаған дүниені танып-білуіне алғашқы қадам жасайтыны туралы бағалы пікір болып табылады...» – деп жазады [5].

Танымал этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажырата қарастырып, оларды оқу үрдісінде пайдалануға ұсына отырып, қазақтың ұлттық ойындарын жалпы ойындар; қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар; ашық алаңқайдағы ойындар; қыс мезгіліндегі ойындар; демалыс ойындары; ат үстіндегі ойындар; аттракциондық-көрініс ойындары деп жеті топқа бөледі.

М.П. Тәнекеев қазақ ұлттық ойындарын ат спортының түрлері; атқа мініп жүруге байланысты ойындар деп бөліп, спорттық ойындардың адамның дене күші мен ақыл-ойының кемелденуіне этнопедагогикалық ықпалын тигізетін тәрбиенің бастауы екенін

ғылыми тұрғыда дәлелдеп берген [6, ББ. 55-59].

«Ашамайға мінгізіп, көш алдына жүргізіп, ұл қызығын көргейсің» – деп жырлап, баласын ерте жастан атқа үйретіп, 5-6 жастан ер-тұманын әзірлеп, «ашамай» ерге мінгізіп, тойын жасаған халқымыз ат үстінде ойналатын ойындар арқылы балаларын ержүрек, батыл, табанды, қайсар азамат болуға дайындаған. Ат құлағында ойнап үйренген баланың омыртқасы түзу, дене бітімі шымыр, тақымы мықты, мінезі қиындыққа төзімді болып өскен.

Қазіргі кезде елімізде жылқымен емдеу, яғни, иппотерапияны ми мен жұлынның зақымдануын, тірек-қимыл аппаратының қызметін, есту мен көрудің нашарлауын, жүйке жүйесінің ауруларын емдеуге тиімді пайдалануда.

Алайда, атпен серуендеу орталықтарында, этносаябақтарда, арнайы клубтарда мектеп жасына дейінгі балаларды жаттықтыру, сауықтыру, дамыту қызметтерін жетілдіріп, оларды жылқымен, ат-әбзелдерімен, атқа байланысты ұлттық ойын түрлерімен, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру жұмыстары жүргізілсе болашақта ұлтымыздың денсаулығын жақсартуға септігін тигізер еді.

Б.Т. Төтенаев ұлттық ойындар түрлерін төрт топқа бөліп қарастырады:

- салт-дәстүр негізінде дүниеге келген ұлттық ойындар;
- жастар ойыны;
- қозғалмалы ойындар;
- табиғат аясында ойналатын ойындар.

Салт-дәстүр негізінде дүниеге келген ұлттық ойындарды еңбек үрдісімен байланысты мерекелік ойындар («ақ боран», «қалтырауық», «қамыр кемпір»), дәстүрлі халық ойындары («қазақша күрес», «жаяу жарыс», «жамбы ату», «күміс алу», «қыз қуу» және т.б. ), жерге байланысты әдет-ғұрып, дәстүрімен ұштасқан ұлттық ойындар деп жіктейді [7, ББ.99-106 ].

Е.Сағындықов ұлттық ойындарды оқу-тәрбиеде қолдану мәселесін зерттей келе қимылдық ойындарды екі топқа көңіл көтеретін қимыл ойындары және денешынықтыру спорт ойындары деп жіктеп, оның ішінде қимыл ойындарын

көңіл көтеретін қимыл ойындары, дене шынықтыру спорт ойындары, ойлау қабілетін дамытатын ойындар деп үшке бөліп топтастырды. Зерттеуші аталған топтарды әрі қарай ойын түрлеріне жіктеді және логикалық есепке негізделген «Балалар тоғызқұмалағы» ойынын ұсынды. [8, ББ.363-368].

Тайжанов С. ойынның жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің тарихи қалыптасқан құралы екендігін айта отырып, арнайы ұйымдастырылған түрлі ойындар балаларды еңбекке баулуға, жылдамдық, төзімділік, икемділіктерін жетілдіруге көмектесетінін жазады. Автор еңбегіне енгізілген ұлттық ойындар оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешуге септігін тигізеді. [9, Б.54].

Арзанбаева Б.А. ойынға мектеп жасына дейінгі балалар дамуының негізгі іс-әрекеті ретінде сипаттама берген. Қазақ ойындарының ұлттық ғылыми-педагогикалық негіздерін, түрлері мен ерекшеліктерін анықтаған. Ғалым «...қазақ ұлттық ойындары басқа да тәрбие құралдарымен бірге қолданыла отырып, үйлесімді дамыған, белсенді тұлға қалыптастырудың бастапқы кезеңінің негізі болып табылады. Олар баланың қоғамдық-пайдалы және шығармашылық іс-әрекеттерінде көрініс табатын адамгершілік сана-сезімінің іргетасын қалайды» – дейді [10, Б.51].

Ұ.Т. Төленованың зерттеу жұмысында мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуді жетілдіріп, қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері айқындалып, педагогикалық мүмкіндіктері анықталған. Аралас топтағы балаларды ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны мен әдістемесі тұтас педагогикалық жүйеде дәлелденген [11, Б. 47].

Психолог ғалымдар Дүйсенова Ж.Қ. мен Нығметова Қ.Н. халық педагогикасында ойындардың өте көп және мазмұндары да, бағыттары да бірін-бірі қайталамайтындай сан алуан, әрі қызғылықты екенін айта келе, «Алақан соқпақ», «Тақия тастамақ», «Айгөлек», соның ішінде «Аңдардың айттысы» атты ойында жүргізушінің талабына сай әндер орындап, онда аңдардың дауыс-

тарын, қылықтарын бейнелеп, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін сипаттап көрсететінін, мұның өзі балалардың хайуанаттар әлемі жөнінде нақты ұғымды, шығармашылық қабілетті, жеке және топтанып ән айту дағдысын жетілдіріп, тілін дамытатынын баяндайды.

Ойын ережелерінің бала үшін тәрбиелік маңызы барын, олардың ойын барысын белгілейтінін, тәрбиеленушінің тәртібі мен іс-әрекеттерін, өзара қарым-қатынасын бақылап, ерік-жігерінің қалыптасуына ықпал ететінін жазады.

Зейнолла Сәнік «Қазақтың ұлттық ойындары» еңбегінде қазақтың ұлттық ойындарының шығу тарихын, түрлерін зерттеп, ұлттық ойындарды спорттық ойындар, көңіл ашу ойындары, балалар ойындары деп үш үлкен салаға бөлген. Ғалым спорттық ойындарға дене тәрбиесі, ат ойындары, күш сынасу ойындары, мергендік ойындар және әртүрлі жарыс ойындарын жатқызады. Көңіл ашу ойындарына жастардың кешкі ойынауық, әзіл-қалжың, күлдіргі, би ойындары мен басқа да қызғылықты ойындарды кіргізеді.

Балалар ойындарына «Санамак», «Ұшты-ұшты» сияқты үйрену ойындарын жатқызады. Дене шынықтыру ойындарына («Тепкіш», «Атаман доп») күш сынасу, мергендікке баулу, ойлау қабілетін арттыру, ғылыми ойындар, және т.б. балаларға арналған қызықты, күлдіргі ойындарды қосады.

Қазақтың ұлттық ойындарының шығу тарихын, дамып, өзгеріп отырғанын айта келе, «Көкпар» деген сөздің төркіні «Көк бөрі» екендігін, ерте кезде қазақтар малдың ең қауіпті жауы болған бөріні соғып алып, оны ат үстінде тартып, бөрі соққанына қуанып, той-думан құрғанын, кейін өзгере келе, мұның өзі ұлттық дәстүрлі ойынға айналғанына түсінік береді.

З.Сәнік балалар ойындарының түрлері, тәсілі, мазмұны мен ерекшеліктерін атап көрсетеді. Мектепке жасына дейінгі балаларға ұғынықты тіл, жатық жыр-тақпақтармен айтылып, ойналатын санамак ойындары, ертегі-аңыздардың желісінен



туындаған ойындар, асық ойындары, қоршаған ортаны таныту ойындары қолайлы болады. Автордың пікірінше, сан үйрету, тіл ұстарту, сауат ашу әліппесіне жетілдіру тақпақтарын пайдалана отырып ойналатын «Санамақ» түрлері, біріншіден, сан үйрету, екіншіден, санамақта аталатын заттардың не екенін, оның тұрмыста қандай маңызы барын ұғындыру, үшіншіден, осы ойынды өлең ұйқастарына түсіріп, балалар оңай жаттап ала қоятын тақпақпен, музыкалық ырғақпен келтіріп, балаға эстетикалық тәрбие де береді.

Қазақта сан үйретумен қатар әріп таныту, жаңылтпаш ойындары да балалардың тілін ұстартып, балаға әрі қызықты, әрі салмақты ой салып, олардың ой-өрісін кеңейтіп, толғамын толықтыратын тамаша ойындардың түрі боп табылады.

Ертегі-аңыз айту және сол ертегі-аңыздардан қалыптасқан ойындарға «Түйе, түйе, тұзын қайда?», «Мысық пен тышқан», «Түлкі соғу» және т.б. ойындар мысал бола алады. Мұндай балалар ойындары бүлдіршіндер үшін ұғымды, қызықты әрі оларды тапқырлыққа, ерлікке, ептілікке, шешендікке тәрбиелейтін, сондай-ақ оларға қазақ өмірінен, оның салт-дәстүрі, тарихынан мағлұмат беретін ойындар.

Зерттеуші асық ойындарына ерекше тоқталады. Асық – қазақ балаларының ұлттық ойыншығы. «Ханталапай ойыны», «үйірмекіл», «төрт асық», «сасыр», «қантай ату», «үшке шықтым» және т.б. ойындар арқылы балалар санауды, ұтыс жолдарын, дәлдікті, шеберлікті, ептілікті үйренеді [12].

Б.Нәукенұлы: «...ойын дегеніміз – баланың ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан ойға жетелейін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойынды көп ойнаған, халық фольклорынан мол сусындаған бала сол халықтың тынысымен дем алатыны және сол ойындар арқылы өз халқының салт-дәстүріне, туған жерінің географиялық жағдайына, яғни табиғат ерекшеліктеріне, мән беріп қанық болып өсері сөзсіз.

Бұдан да анығырақ айтар болсақ, баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да ойынның мән-мағынасы ерекше, ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы

адымы» – дейді. Ол балаларға арналған қазақтың халық ойындарын бірнеше топқа бөліп қарастырған.

1) аңға байланысты ойындар («Ақсерек, көксерек»);

2) малға байланысты ойындар («Соқыр теке»);

3) түрлі заттармен ойналатын ойындар («Ақсүйек»);

4) зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар («Жасырынбақ»);

5) соңғы кезде қалыптасқан ойындар («Құлақ пен мұрын табу»).

Зерттеуші: «Қай халықтың болмасын, олардың ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттық ішкерлей зерттеулер мен талдаулар болуы шарт. Балалар ойындарын халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдауға болады десек, онда балалар ойындарының ертеңгі болашаққа керекті қасиеттерін зерттейтін қомақты ізденістер жаратуға тура келеді. Демек, зерттеу нысанымыз балалар ойын болғандықтан, қазақ өміріндегі балалар ойындарының тек ол ойын ғана емес, ол – спорт, ол – өнер, ол – шаруашылық істерінде маңызы зор тәрбие құралы екендігі назарда болуы керек» – деп ой тұжырымдайды [13, ББ. 28-35].

Б.Мендалиев «Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану» атоты еңбегінде балабақшалардағы дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды қолданудың тиімділігін, жолдарын көрсете келіп, ойындарды бала жасының ерекшелігін ескеріп қолдануды және ойындар түрін іріктеудің қажеттігін көрсетеді. Ол балаларға қажетті ойындарды баланың жас ерекшеліктеріне байланысты нәрестелерге, 3-4, 5-6, 7-8 жастағы балаларға арналған ойындар деп бөліп береді [14, ББ.67-81].

Халқымыздың зияткерлік ойындарының ішінен ертеректе «көшпенділер алгебрасы» атанған «тоғызқұмалақ» ойынына ерекше тоқталуға болады. С.Аманжолов «Бұл

ойын қазақтың барлық ойынының ішіндегі ең қиыны, ойнаған адамның миы істеп, есепшілігі тез артып, тапқыштық жағы күшеймек» – деп баға береді [15, Б. 22].

«Тоғызқұмалақ» ойыны тұнып тұрған математика, ол тез ойлану, жүрісті алдын ала дәл есептеуді керек етеді. Оның көмегімен балалардың ой ұшқырлығы, логикалық ойлауы дамып, шыдамдылыққа, сабырлылыққа, тапқырлыққа үйреніп, ақыл-ойы шыңдалады, ұлттық дүниетанымы кеңейеді. Қазір «тоғызқұмалақтан» республикалық, Азия, әлем чемпионаттары өткізіліп, компьютерлік нұсқалары да жасалып әлемге танылуда.

«Тоғызқұмалақ» ойыны балаларға ғана емес, ересектер үшін де күрделі ойын екенін білеміз. Алайда, мектеп жасына дейінгі балаларды ойынның сипаттамасымен, «тоғызқұмалақ» тақтасымен, құралдарымен,

отау түрлерімен, ережелерімен, компьютерлік нұсқасымен таныстырып, ойынға тарту арқылы қызығушылықтарын туғызуға болады.

Мақаламызда зерттеушілердің қазақтың ұлттық ойындарының сипатын, ғылыми-педагогикалық негіздерін, шығу тарихын, ерекшеліктерін, түрлерін, мазмұны мен әдістемесін, балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы мүмкіндіктерін қарастыра отырып, түрлі бағытта топтап, жүйелегенін байқадық. Ғалымдардың еңбектеріндегі ұлттық ойындардың жіктелуін көрсеттік (1-кесте).

**Қорытынды.** Жалпы алғанда, ұлттық ойындар – халқымызбен бірге дамып, жетіліп, түрленіп отыратын асыл мұрамыз, мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің қайнар көзі, жас жеткіншектерді тәрбиелеу мен дамытудың мықты құралы.

1-кесте

### Қазақтың ұлттық ойындарының жіктелуі

Авторлар	Ойындардың тобы	
1	2	
Ә.А. Диваев ( жас ерекшеліктеріне байланысты)	«сәбилер ойыны»	
	«бозбалалар ойыны»	
	«жігіттер ойыны»	
М.Гуннер (қолданылуына қарай)	жалпы ойындар	
	қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар	
	ашық алаңқайдағы ойындар	
	қыс мезгіліндегі ойындар	
	демалыс ойындары	
	ат үстіндегі ойындар	
	аттракциондық-көрініс ойындары	
М.П.Тәнекеев	ат спортының түрлері	
	атқа мініп жүруге байланысты ойындар	
Б.Т. Төтенаев	салт-дәстүр негізінде дүниеге келген ұлттық ойындар	
	жастар ойыны	
	қозғалмалы ойындар	
	табиғат аясында ойналатын ойындар	
Е.Сағындықов (оқу-тәрбие жұмысында қолдануға байланысты)	қимыл ойындары	көңіл көтеретін қимыл ойындары
		дене шынықтыру спорт ойындары
		ойлау қабілетін дамытатын ойындар
	денешынықтыру спорт ойындары	жылдамдықты қажет ететін ойындар
		баяу қимылды ойындар

1	2
А.К.Айтпаева (қызметіне қарай)	Оқыту ойындары
	Тәрбиелеу ойындары
	Дамытушы ойындар
	Тұлғаны әлеуметтендіруші ойындар
	Диагностикалаушы ойындар
Зейнолла Сәнік (мазмұны мен ерекшеліктеріне қарай)	спорттық ойындар
	көңіл ашу ойындары
	балалар ойындары
Б.Нәукенұлы (сипатына қарай)	аңға байланысты ойындар
	малға байланысты ойындар
	түрлі заттармен ойналатын ойындар
	зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар
	соңғы кезде қалыптасқан ойындар
Б. Мендалиев ( жас ерекшеліктеріне байланысты)	нәрестелерге арналған ойындар
	3-4 жастағы балаларға арналған ойындар
	5-6 жастағы балаларға арналған ойындар
	7-8 жастағы балаларға арналған ойындар

Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуда ұлттық ойындардың маңызы зор. Ойын әрекетінде баланың шығармашылық қабілеттері дамып, дүниетанымы қалыптасады, ақыл-ойы жетіледі, жолдастарымен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда таңертеңгі қабылдауда, ұйымдасқан оқу қызметінде, жобалау жұмыстарында, күннің екінші жартысында, серуен кезінде, бағдарламаның вариативтік бөлімін жүзеге асыруда да ұлттық ойын түрлерін қолдануға болады. Оған ұлттық ойындардың сан алуан түрлері

де, тәрбиелеу мен білім беру, жан-жақты дамыту әлеуеті де жеткілікті, тек мектепке дейінгі ұйым педагогтары лайықты ойын түрлерін таңдап ала білуі керек.

Ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту-тәрбиелеу үдерісінде мақсатты және жүйелі түрде қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетінің қарқынды дамуына әсер етеді.

Төмендегі кестеде аталған мәселені зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық ойындардың ішінен мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтыларын таңдап, топтарға жіктеп көрсеттік.

2-кесте

**Мектеп жасына дейінгі балаларға лайықты ұлттық ойындар**

Жіктелуі 1	Сипаты 2
Жануарлар әлеміне байланысты ойындар	жануарлар әлемінің ерекшеліктерін, олардың дыбыстауын, төрт түлік мал мен оның төлдерінің атауларын игеруі, жануарлар әлеміне мейірімділікпен қарауға, ұлттық дәстүрлерді сақтауға үйренуі, көңіл-күйлерінің көтерілуі, өздеріне деген сенімділіктің артуы, өзіндік пікірлерінің қалыптасуы.
Құралдармен ойналатын ойындар	жылдамдық, ептілік, икемділіктерінің артуы, асық атуда нысананы көзбен дәлдеуі, асықтың түсуіне байланысты атауларын және түрлі әдіс-тәсіл, амал-айла қолдана білуі, саусақ пен алақанға қатысты ойындар арқылы («Бес тас», «Саусақ шалма» және т.б.) ұсақ моторикасы мен жүйке жүйесінің дамуы.
Ақыл-ой және дене қимылдарын дамытуға арналған ойындар	санамақ, қаламақ түрлерін білуі, тапқырлық, аңғарымпаздық, байқампаздық, бағдарлау, сезімталдық, шыдамдылық, ұйымдастырушылық, белсенділік, жауапкершілік, батылдық, тез шешім қабылдау және т.б. қасиеттерінің қалыптасуы.

1	2
Заманауи ойындар	заттардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, ауысқан сандардың, әріптердің орнын, ретін тауып, қазақ тілінің төл дыбыстарын айта білуі, жолда жүру ережелерін үйренуі, ұлттық тұрмыстық заттардың атауларымен танысуы, заттарды белгісі мен бейнесіне қарай сипаттай білуі, өз ұлтын, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін, тілін қадірлеуді бойына сіңіруі, компьютерді қолдану дағдыларының қалыптасуы және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларға лайықты ұлттық ойындардың ішіндегі заманауи ойындар қатарына компьютерлік ойындарды қосып отырмыз. Ғылым мен техниканың қарыштаған заманында асыл мұрамызға қызықтырудың бір жолы – мектеп жасына дейінгі балаларға икемделген ұлттық ойындардың компьютерлік нұсқаларын ұсыну деуге болады. Бұл мәселеде компью-

терлік ойындарды жасап, әлемге таратудан алдына жан салмайтын елдермен теңесе алмасақ та, ойындарымыздың компьютерлік нұсқалары арқылы жас ұрпақтың ұлттық дүние танымының қалыптасуына, сонымен қатар, тапқыр да ұтқыр ойлайтын, креативтік әлеуеті дамыған тұлға тәрбиелеуге ықпал етер едік.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Қ.К.Тоқаев Қ.К. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі Қазақстан Президентінің жолдауы/Тоқаев Қ.К. 2021 ж 1 қыркүйек URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (қаралған күні: 18.03.2022.)
- [2] Алимбекова А.А., Нурбекова С.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың «креативтік әлеуетін» дамыту мәселесі Қазақстанның Педагогикалық Ғылым Академиясының «Хабаршысы», 2021. – №16 – 153-162 б.
- [3] Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі ҚР Үкіметінің 15.03.2021 ж. № 137 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137> (қаралған күні: 03.07.2022).
- [4] Liang Li, Avis Ridgway, Gloria Quinones Moral imagination: Creating affective values through toddlers' joint play/ Liang Li, Avis Ridgway, Gloria Quinones // Learning, Culture and Social Interaction Volume 30, Part B, September 2021, 100435 <https://doi.org/10.1016/j.lcsi.2020.100435> (қаралған күні: 20.03.2022.)
- [5] Слово о народах средней Азии и Казахстана <http://bibliotekar.kz/narodnaja-pedagogika-pedagogicheskie-voz/glava-i-slovo-o-narodah-srednei-azii-i-k.html> (қаралған күні: 26.03.2022.)
- [6] Анаркулов Х.Ф., Ерменова Б.О. Казахские национальные подвижные игры как необходимый элемент физического воспитания школьников. Дене тарбия жана спорт жарчысы 2018. – №2 (21) . – ББ.55-59 б.
- [7] Бекбосынова А.Х., Бақытханқызы Н. Балалардың ойын фольклоры. ҚМПИ ЖАРШЫСЫ 2018. – №3 (51), – ББ.99-106 б.
- [8] Турдалиева Ш.Ж., Байгунова Д.М, Отарбаева Б.К. Жастар ойын-сауығының көш үлгілерін оңтүстік қазақстанда қолдану ерекшеліктері. QAZAQSTANY 2019. №4 (4) – ББ.363-368 б.
- [9] Тайжанов С. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 2019. – 124 Б.
- [10] Арзанбаева Б.А. Формирование профессионально-ценностных ориентаций будущих педагогов на игровую деятельность дошкольников (на материале казахских народных игр) – Алматы. – 2001. – 160с.
- [11] Төлєнова Ұ.Т. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: Дис... пед. ғыл. канд./Ұ.Т. Төлєнова. – Атырау, 2002. – 132 б.
- [12] Зейнолла Сәнік. Көптомдық шығармалар жинағы/ VII том. – Алматы: Ан Арыс, 2017. URL: <https://ruh.kz/2021/04/15/qazaqtyn-ulttyq-oiyndary-2> (кіру уақыты: 24.03.2022.)
- [13] Б.Нәукенұлы. Балаларға арналған қазақтың халық ойындарының Қытайдағы тарихи даму барысы Қарағанды Университетінің Хабаршысы. Серия «Филология». 2015 – № 4(80) – ББ. 28-35 б.
- [14] Меңдалиев М.Б. Ұлттық халық ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтыру сабағында қолдану: Дис... пед. ғыл. канд./ М.Б. Меңдалиев. – Астана, 2009. – 119 б.
- [15] Аманжолов, С.А. Тоғыз құмалақ [Мәтін]: Оқу құралы/С.А. Аманжолов; жауапты ред. А.Нұржан.– Алматы: Нур-Принт, 2018.– 40 б.



*References:*

- [1] Tokaev K.K. Halyk birligi zhane zhujeli reformalar – el orkendeuiniң berik negizi: Kazakstan Prezidentiniң zholdauy / K.K.Tokaev. 2021zh 1kyrkujek URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (karalghan kuni: 18.03.2022.)
- [2] Alimbekova A.A., Nurbekova S.M. Mektep zhasyna dejingi balalardyn «kreativtik aleuetin» damytu maselesi Kazakstannyn Pedagogikalık Gylym Akademijasynyn «Habarshysy», 2021. – №16 – 153-162 b.
- [3] Mektepke dejingi tarbieleu men okytudy damytu modeli KR Ukimetinin 15.03.2021 zh.№ 137 kaulysy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137> (karalghan kuni: 03. 07. 2022.)
- [4] Liang Li, Avis Ridgway, Gloria Quinones Moral imagination: Creating affective values through toddlers' joint play/ Liang Li, Avis Ridgway, Gloria Quinones //Learning, Culture and Social Interaction Volume 30, Part B, September 2021, 100435. <https://doi.org/10.1016/j.lcsi.2020.100435> (kiru uakyty: 20.03.2022).
- [5] Slovo o narodah srednej Azii i Kazahstana <http://bibliotekar.kz/narodnaja-pedagogika-pedagogicheskie-voz/glava-i-slovo-o-narodah-srednei-azii-i-k.html> (karalghan kuni kiru: 26.03.2022).
- [6] Anarkulov H.F., Ermenova B.O. Kazahskie nacional'nye podvizhnye igry kak neobhodimyj jelement fizicheskogo vospitaniya shkol'nikov. Dene tarbiya zhana sport zharchysy 2018. – №2 (21). – BB.55-59.
- [7] Bekbosynova A.H., Baqythanqyzy N. Balalardyn oıyn folklorı. KMPI ZhARSHYSY 2018. – №3 (51), BB.99-106.
- [8] Turdalieva Sh.J., Baıgynova D.M., Otarbaeva B.K. Zhastar oıyn-sauygynyn kosh ulgilerin ontustik Kazakstanda koldanu erekshelikteri. QAZAQTANY 2019. – №4 (4). –BB.363-368.
- [9] Taizhanov S. Kazaktyn ulttyk oıyndary. – Almaty, 2019. – 124 B.
- [10] Arzanbaeva B.A. Formirovanie professional'no-cennostnyh orientacij budushhih pedagogov na igrovuju dejatel'nost' doshkol'nikov (na materiale kazahskih narodnyh igr) – Almaty. – 2001. – 160s.
- [11] Tolenova U.T. Balabakshadagy aralas top balalaryn ulttyk oıyндar arkyly adamgershilikke tarbieleu: Dis... ped. gyl. kand./U.T. Tolenova. – Atyrau, 2002. – 132 b.
- [12] Zejnolla Sanik. Koptomdyk shygarmalar zhinagy/ VII tom. – Almaty: An Arys, 2017. URL: <https://ruh.kz/2021/04/15/qazaqtyn-ulttyq-oıyndary-2> (kiru uakyty: 24.03.2022.)
- [13] B. Naukenuly. Balalarga arналган kazaktyn halyk oıyндarynyn Kytajdagy tarikhi damu barysy Karagandy Universitetinin Habarshysy. Seriya «Filologiya». 2015. – № 4(80) – BB.28-35.
- [14] Mendaliev M.B. Ulttyk halyk oıyндaryn mektep zhasyna dejingi balalardyn dene shynykytyru sabagynda koldanu: Dis... ped. gyl. kand./M.B. Mendaliev. – Astana, 2009. – 119 b.
- [15] Amanzholov, S. A. Togyz kumalak [Matin]/Oku kuraly / S.A. Amanzholov; zhaupty red. A.Nurzhan – Almaty: Nur-Print, 2018. – 40 b.

**Классификация национальных видов игр для развития  
креативного потенциала детей дошкольного возраста**

*С.М. Нурбекова<sup>1</sup>, А.А. Алимбекова<sup>1</sup>, У.К. Кыякбаева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

*Аннотация*

В статье приведена классификация национальных игр, используемых для развития креативного потенциала детей дошкольного возраста. Проанализировано влияние национальных игр на развитие познавательных процессов, свойств личности, составляющих основу креативного потенциала детей и проведен анализ национальных видов игр. Учитывая мнения ученых, изучавших национальные игры, проанализированы их особенности и правила проведения. Национальные игры развивают у дошкольников память, внимание, творческое воображение, креативное мышление, оттачивают речь, расширяют кругозор и побуждают к принятию неординарных решений. Например, «Считалки» развивают умение считать, учит детей цифрам, объясняется значение слов в считалках, рифмованные стишки легко запоминаются

и дает ребенку эстетическое воспитание, читая их в ритме музыки. Благодаря таким возможностям национальные игры имеют особое значение в развитии креативного потенциала детей дошкольного возраста. В статье уделяется внимание истории развития, изменению и трансформации игр, приводятся в примеры национальные игры, которые часто используются в педагогическом процессе.

*Ключевые слова:* креативный потенциал, дети дошкольного возраста, виды национальных игр, классификация национальных игр, подвижные игры, шуточные, веселые, танцевальные игры

### **Classification of national types of games used to develop the creative potential of preschool children**

*S.M. Nurbekova<sup>1\*</sup>, A.A. Алимбекова<sup>1</sup>, U.K. Куякбайева<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

The article provides a classification of national games used to develop the creative potential of preschool children. The influence of national games on the development of cognitive processes, personality traits, which form the basis of the creative potential of children, was analyzed, and an analysis of national types of games was carried out. Taking into account the opinions of scientists who have studied national games, their features and rules are analyzed. National games develop memory, attention, creative imagination, creative thinking in preschoolers, hone their speech, broaden their horizons and encourage them to make extraordinary decisions. For example, “Counting Rhymes” develops the ability to count, teaches children numbers, explains the meaning of words in counting rhymes, poems are easy to remember and gives the child aesthetic education, reading them to the rhythm of music. Thanks to such opportunities, national games are of particular importance in the development of the creative potential of preschool children. The article focuses on the history of development, change and transformation of games, gives examples of national games that are often used in the pedagogical process.

*Keywords:* creative potential, preschool children, types of national games, classification of national games, outdoor games, comic, funny, dance games

*Редакцияға 24.08.2022 қабылданды.*